




ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Ойлау мен сөйлеудің генетикалық
түп тамыры





Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеудің генетикалық түп тамыры

Бұл дәріс Л.С.Выготскийдің «Ойлау және сөйлеу» атты монографиясының төртінші тарауында баяндалған В.Келер және Р.Иеркстің зерттеулері жайлы болады. В.Келер және Р.Иеркс зерттеулерінің тарихи аспектілеріне ерекше тоқталатын боламыз.

Л. С. Выготскийдің көзқарасымен ұсынылған зерттеулерді талдауға тікелей көшпес бұрын, В.Келер және Р.Иеркс тәжірибелерінің мазмұнына тоқталайық. Олардың жұмыстары жануарлардың ақылға қонымды мінез-құлқын зерттеуге арналды. Басқаша айтсақ, олар жануарлардың ойлауын зерттеген және сананың негіздерін іздеген деп айтуға болады.

Вольфганг Келер 1887 жылы 21 қаңтарда Эстонияда, Ревельде дүниеге келген. Оның балалық шағы Германияда өтті. Ол 22 жасқа толған кезде, Берлин университетіндегі психология саласындағы философия докторы дәрежесін алып, 1935 жылға дейін психология институтын басқарды. Оның жұмыстары жануарларда ақылға қонымды мінез-құлық элементтерінің бар-жоғына эксперименталды дәлелдерді іздеуге бағытталды. Бірінші нәтижені ол 20-шы жылдары алды. Жануарлардың саналы мінез құлқын, қабілеттері бар ма жоқ па деген сұрақтарға жауап іздеу жолында көптеген тәжірибелер жүргізген. Ондай тәжірибенің мәні-жануарларға қандай да бір мақсатқа жетуге кедергі келтіретін жағдайлар жасау. Нәтиже алу үшін жануар кету жолын таңдауға мәжбүр болды. Оның пікірінше, бұл жануар міндетті шешу үшін тікелей емес, айналып өту жолын пайдалануға қабілетті білуіне мүмкіндік береді. Осы қағидатқа сүйене отырып, Келер эксперименттердің бүкіл сериясын құрды. Ол жануардың ақылға қонымды мінез-құлқына қандай қиындық деңгейін анықтауға тырысты. Сондықтан оның тәжірибесі қарапайым есептерден басталып, өте күрделілеріне дейін болды.

Роберт Йеркс (1876-1956) — американдық психолог, приматтар мен басқа да жануарлардың мінез-құлық себептерін зерттеу психологиясының маманы. Зоопсихология саласының негізін қалаушы болып саналады. Роберт Йеркс АҚШ-та, Пенсильвания Каунти штаты, Бакс округінде 1876 жылы 26 мамырда фермердің отбасында дүниеге келген. Ол бес баланың үлкені болған. Белгілі бір жасқа жеткенде Йеркс жоғары оқу орнына түсуге жоспарлады. Басында Йерксті қызықтырған негізгі аймақ медицина болды. Тек Гарвард университетінде ол психологиямен айналыса бастады. Дәл осы оқу орнында 1898 жылы бакалавр дәрежесін, ал бір жылдан кейін магистр дәрежесін алды. Йеркс 1902 жылы докторлық диссертациясын қорғады және Гарвард университетінде оқытушы қызметін алды. Мұнда ол 15 жыл жұмыс істеді. 1916 жылы Йеркс американдық психологиялық қауымдастықтың президенті болып сайланды. 1924 жылдан 1941 жылға дейін Йеркс Йель биология зертханасының директоры қызметін атқарды. Роберт Йеркс пен Додсон бірге мотивация деңгейі мен орындалатын қызметтің өнімділігі арасындағы тәуелділік бар екенін дәлелдейтін өте күрделі тәжірибе өткізді. Бұл құбылыс екі ғалымдардың құрметіне — Йеркс—Додсон заңы деп аталды. Заң бірнеше объективті және даусыз психологиялық феномендердің бірі деп танылды. Оны бірнеше рет тәжірибеде растау мүмкін болды.

Осы екі ғалымның зерттеулеріне сүйеніп, Выготский ойлау мен сөйлеудің генезісін анықтауға тырысқан. Ойлау мен сөйлеуді генетикалық тұрғыдан қарастыруда кездесетін негізгі факт — осы процестер арасындағы қатынастың дамудың бүкіл барысында тұрақты, өзгермейтін емес, өзгермелі шама болуында дейді автор. Ойлау мен сөйлеу арасындағы қатынас даму процесінде өзінің сандық мағынасында да, сапалық мағынасында да өзгереді. Басқаша айтқанда, сөйлеу мен ойлаудың дамуы параллель емес, әркелкі жүреді. Олардың даму сызықтары көп мәрте түйіседі және айырылысады, кей кезеңдерде қиылысады, теңеледі және кейде параллель жүреді, тіпті кейбір бөліктерінде бірігіп кетіп, кейін қайтадан ажырайды.

Бұл филогенезге де, онтогенезге де тән. Выготский Лев Семенович инволюция және патологиялық өзгерістер процестерінде ойлау мен сөйлеудің арасындағы қатынас зақымдану мен кедергілерге, кері даму мен интеллектінің немесе сөйлеудің патологиялық өзгерістерінің барлық түріне тұрақты болып келмей, бірақ әркез сол сәттегі патологиялық процеске, зақымдану мен кедергі көрінісіне тән ерекше түрге ие болып отыратынын анықтауға талпынған.

Ол ойлау мен сөйлеудің генетикалық түп тамырының мүлдем түрліше болады деген. Бұл фактіні жануарлар психологиясы саласындағы бірқатар зерттеулермен бекітілген деп санауға болады. Осы ретте маңызды фактіні бекітуде адам тектес маймылдардың ақыл-ойы мен сөйлеуіне жүргізілген жаңа зерттеулер, әсіресе В.Келер мен Р.Иеркстің зерттеулері шешуші мәнге ие болған.

Келердің тәжірибелері ақыл-ойдың, яғни ойлаудың бастамасы жануарларда сөйлеудің дамуына және де оның жетістіктеріне байланыссыз пайда болатынын айқын дәлелдейді. Құралды жасау мен қолданудан және тапсырманы шешуде айналмалы жолдарды қолданудан көрінетін маймылдардың әрекеттері ойлаудың алғашқы, яғни сөйлеуге дейінгі фазасын құрайды дейді Выготский. Келердің өзі барлық зерттеулерінің



негізгі қорытындысы шимпанзенің интеллектілі мінез-құлқының символдары адамның мінез-құлқының типі мен түріндей деп санауында. Сөйлеудің жоқтығы мен белгілік стимулдардың шектелуі, яғни елестердің жоқтығы антропоид пен ең жабайы адамның арасындағы өте үлкен айырмашылықтың болуының негізгі себептері болып табылады. Келер: «Сондықтан да өте құнды техникалық көмекші құралдың, яғни тілдің жоқтығы мен аса маңызды интеллектуалды материалдың, яғни елестердің принципті түрде шектелуі шимпанзе үшін мәдени дамудың аз ғана бастамасы да мүмкін еместігіне себеп болады», — дейді.

Келердің зерттеулерінен Выготскийді ерекше қызықтырған мәселе ол — адамға тән интеллектінің адамға тән сөйлеусіз болуы және антропоидтың интеллектілік операцияларының оның “тіліне” тәуелсіздігі мәселесі. Өз кезінде Келердің зерттеулері көптеген сынға ұшырағаны белгілі. Түрлі бағыттағы психологтар мен әр мектептің арасында Келер берген фактілерге қандай теориялық түсінік беруге болады деген сұраққа байланысты бірауыздылық жоқ. Сынның негізінде мына факторлар жатыр. Келер өз міндетін шектейді. Кездейсоқ қателер мен байқаудың және сәтті жағдайларды сұрыптау мен жеке қимылдарды механикалық тұрғыда біріктіру жолымен пайда болатын реакцияларымен салыстырғанда, ақыл-ой реакциясының өзіндік ерекшелігін көрсету қажеттілігіне байланысты теориялық түсіндірулер және фактілік талдауларымен ғана шектеліп, ешқандай интеллектілік мінез-құлық теориясын дамытпайды. Выготскийдің пікірінше Келер шимпанзенің интеллектілік реакциясын түсіндіру барысында кездейсоқтық теориясын жоққа шығара тұрып, таза «теріс теориялық позициямен» ғана шектеледі.

Выготский әр түрлі бағыттағы психологтар арасында да, тіпті Келердің өзінен де толығымен аяқталған ғылыми түрде сенімді интеллект теориясын кездестіргенін айтады. Керісінше, биологиялық психологияның ізбасар жоқтаушылары да, психолог-субъективистер де, әрқайсысы өз көзқарастары тұрғысынан, бір жағынан, Келердің шимпанзенің интеллекті жақсылап үйретілген байқау мен қателіктер әдістемесіне сай келмейтіндігіне, екінші жағынан шимпанзе мен адам ақыл-ойының туыстығы, антропоидтардың ойлауының адам тектес екендігі туралы негізгі мәселесіне таласады.

Ең қызықтысы — шимпанзе әрекетінен инстинкт механизмі мен «байқау мен қателер» механизмінде бар және бізге таныс «дағдылардың қалыптасу» процесінен басқа жоғары еш нәрсе қарастырмаған психологтар да, маймылдың жоғары сатыдағы мінез-құлқындағы ақыл-ой түбірін төмен түсіруден қорыққан психологтар да, біріншіден, Келердің бақылауларының фактілік жағын, екіншіден, шимпанзе әрекетінің сөйлеуден тәуелсіздігін бір ауыздан қолдаған.

Бюлер былай дейді: шимпанзенің әрекеті сөйлеуге тәуелді емес, адамның кейінгі соңғы өмірінде де техникалық құралдарды пайдалану арқылы ойлауында, ойлаудың басқа түрлеріне қарағанда, сөйлеу және түсініктермен аз ғана байланысы бар. Шынында да, осы мәселе бойынша эксперименттік зерттеулер мен клиникалық бақылаулардан алған дәлелдердің барлығы да ересек адамның ойлауында ақыл-ой мен сөйлеу арасындағы байланыс интеллектілі және сөйлеу іс-әрекетінің барлық функциялары үшін тұрақты және бірдей болып келмейтіндігін көрсетеді.

Л.Гобхауздың жануарларда «тәжірибелік қорытындылау» бар деген ілімі мен Р.Иеркстің жоғары сатыдағы маймылдарда «идеация процесі бар» деген пікірімен дауласа отырып: «Жануарларда адамға тән сөйлеу дағдыларына ұқсас бір нәрсе бола ма екен?» — деген сұрақ қояды. Өзінің сұрағына ол: «Біліміміздің қазіргі деңгейіне орай, сөйлеу дағдыларын адамнан басқа маймылдарға да, басқа жануарлар түріне де жатқызбасақ болады», — деп жауап береді. Егер маймылдардан сөйлеудің бастамасын таппасақ, іс мүлдем басқаша шешілер еді. Ғалымдар шимпанзеден, жаңа зерттеулердің көрсетуі бойынша, салыстырмалы түрде кей жағдайларда (ең алдымен, фонетикалық жоғары дамыған сөйлеудің) қандай да болмасын деңгейдегі адамға ұқсас сөйлеудің бар екенін байқаған. Ең қызығы — шимпанзенің сөйлеуі мен ақыл-ойы бір-біріне тәуелсіз түрде қызмет жасайды. Келер Тенериф аралындағы антропоид станциясында бірнеше жыл бойы бақылаған шимпанзенің сөйлеуі туралы: «сөйлеуінің дыбыстық байқалуы олардың ұмтылысы мен субъективті күйін білдіреді, яғни бұл — эмоциялық көрінісі, бірақ ешқандай да «объективті» нәрсенің белгісі», — емес дейді.

Алайда шимпанзенің фонетикасынан адамның фонетикасына ұқсас дыбыстық элементтердің көптеп табылуына байланысты, Выготский шимпанзеде адамға тән тілдің болмауы перифериялық себептермен түсіндірілмейді деген болжамды сенімділікпен айтқан. Келердің шимпанзенің тілі туралы тұжырымын өте дұрыс деп санаған К.Делакура да маймылдардың ым-ишарасы объективті бір затты көрсеткенін, яғни белгі қызметін атқарғанын байқамағанын көрсетеді. Шимпанзе — жоғары сатыдағы қоғамдық жануар, оның мінез-құлқын оны басқа жануарлармен бірге болған кезде түсінуге болады. Келер шимпанзелер арасындағы «сөйлеу қарым-қатынасының» түрлі формаларын сипаттайды. Бірінші орынға шимпанзедегі ашық әрі бай эмоциялы — айқын қозғалыстар (ым, ишара, дыбыстық реакциялар) қойылады. Әрі қарай



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеудің генетикалық түп тамыры

әлеуметтік эмоциялардың айқын қозғалыстары (сәлемдесу кезіндегі ым-ишаралар және т.с.с.) тұрады. Бірақ олардың ым-ишарасы да, экспрессивті дыбыстары сияқты, объективті ешнәрсені білдірмейді, — дейді Келер.

Жануарлар бір-бірінің ым-ишарасын өте жақсы түсінеді. Ым-ишараның көмегімен олар тек өздерінің эмоциялы күйлерін ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге басқа маймылдар мен заттарға бағытталған ниеттері мен талаптарын да білдіреді. Мұндай жағдайда кең тараған тәсіл шимпанзенің басқа жануарға әсер ету үшін немесе оның қызығушылығын оятуға арналған қозғалысы мен әрекеттерінен басталады. Осы бақылаулардың барлығы В.Вундтың адам тілінің дамуындағы ең қарапайым сатыны құрайтын және жануарларда әлі кездеспейтін сілтегіш (нұсқағыш) ым-ишараттың болмауы, маймылдарда ол ұстағыш және нұсқағыш қимыл-қозғалыстар арасындағы өтпелі сатыда тұр деген ойын растайды. Выготский осы өтпелі ишараттан генетикалық тұрғыдан маңызды, таза эмоциялы сөйлеуден объективтілікке жасалған қадамды байқаған. В.Келер басқа жерде осындай ым-ишараның көмегімен сөздік нұсқаудың орнын алмастыратын қарапайым түсіндіру табылады деп көрсетеді. Бұл ишарат, маймылдардың испан қарауылдарының сөз жүзіндегі бұйрығын тікелей орындауына қарағанда, адам тіліне жақын тұр деген болжамына негіз болған.

Келер бақылауға алған шимпанзелер ойнап отырып сурет салған, түрлі түсті батпақаен «сурет салады», алдымен ерні мен тілдерін қылқалам ретінде пайдаланады, сосын нағыз қылқаламды қолға алады, бірақ та эксперименттер барысында өңделген мінез- құлық тәсілдерін әрқашан ойынға көшіру және керісінше, ойын тәсілдерін өмірге көшіруде бұл жануарлар ешқашан да сурет салу барысында белгіні пайдаланудың ізін байқатқан емес. Бюлер: «Шимпанзенің дақтан графиктік белгіні көруі, біздің білуімізше, мүмкін емес», — деген қорытындыға келген екен. Келердің айтуынша, бұл жағдай шимпанзе мінез-құлқының «адамға ұқсастығын» дұрыс бағалауға ортақ мән болады. Шимпанзенің әрекеттерін шектен тыс бағалап жіберуден сақтайтын фактілер де бар. Әлі күнге дейін ешбір саяхатшы горилла мен шимпанзені адам ретінде қабылдаған емес, олардан әр халыққа тән және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын жасаған жаңалықтарын, нұсқағыш әдіс-тәсілдер мен дәстүрлі құралдарды ешкім таппағаны белгілі. Қандай да бір суретті беретіндей құм тас пен батпақ бетінде қалған іздер жоқ. Ешбір бейнелейтін тіл, яғни атауларға парапар дыбыстар жоқ.

Адам тәрізді маймылдарды зерттеушілердің арасынан Р.Иеркс қана — шимпанзеде адамға тән тілдің жоқ болу себебін “ішкі негіздерден» көрмейді. Оның органгутангтың ақыл-ойын зерттеулері Келердің мәліметтеріне ұқсас нәтижелерге алып келді. Ол нәтижелерді талдау барысында, ол Келерден де әрірек кетті. Оның пайымдауынша, органгутангте үш жасар баланың ойлауынан асып түспейтін “жоғары идеацияны” белгілеуге болады деген ойға келеді. Выготскийдің ойынша Иеркс теориясын сыни талдау оның ойының қателігін оңай ашуға себеп болады. Органгутангтың өз алдында тұрған міндеттерді «жоғары идеацияның», яғни бейнелер мен ізді стимулдардың көмегімен шешетіндігінің ешбір объективті дәлелдері жоқ. Иеркс үшін мінез-құлықтағы «идеацияны» анықтауда тек адам мен органгутангтың мінез-құлықтарының сырттай ұқсастығы ғана шешуші мәнге ие дейді лев Семенович.

Автор Келер шимпанзенің мінез-құлқына оптикалық-өзекті жағдайдың әсері анықтаушы ретінде жүретінін нақты эксперименттік талдау дәлдігімен көрсетті. Тордың ар жағында жатқан өнімді алу үшін құрал ретінде шимпанзе пайдаланған таяқша (құрал) мен жеміс (мақсат) бір оптикалық өрісте жатпайтындай етіп, таяқшаны әрі апарудың өзі сол сәтте тапсырма шешімінің қиындай түсуіне, тіпті мүмкін болмауына да алып келді деп ой тұжырымдайды. Шимпанзенің қолындағы екі таяқша (шимпанзе оның біреуін екіншісіне кіргізіп, ұзартқан) X-қа ұқсас пішінге келсін делік, онда оған дейін көп пайдаланылған және таныс құралды ұзарту әрекеті жануар үшін қолдан келмейтін нәрсе болған.

Выготский:

1) оптикалық-өзекті және қарапайым жағдайдың болуын Келер шимпанзенің ақыл-ойы зерттеулерінің негізгі және міндетті әдістік шарты, шимпанзенің интеллекті онсыз қызмет жасамайтын шарты ретінде санайтындығын;

2) Келердің қорытындылары бойынша ой, бейнелердің (идеация) негізгі шектеулігі шимпанзенің интеллектілі мінез-құлқын сипаттайтын негізгі белгі болып келеді деген екі мәселені еске алудың өзі Иеркстің қорытындыларына күмән тудыруға әкеледі деген қорытындыға келеді.

Адамға ұқсас маймылдарда «идеациялық мінез-құлықтың» болуы деген пікір Иеркстің шимпанзенің



ақыл-ойы мен тіліне жасаған жаңа зерттеулерінде тұрғанын Выготский атап өтті. Ақыл-ойға байланысты айтсақ, жаңа нәтижелер бұрын алынған мәліметтерді тереңдетіп немесе кеңейтіп қоймайды, керісінше, автордың өзінің және басқа да психологтардың зерттеулері тапқан мәліметтерді дәлелдей түседі. Ал сөйлеуге қатысты айтсақ, бұл зерттеулер мен бақылаулар жаңа фактілік мәлімет пен адамға ұқсас шимпанзеде сөйлеудің жоқтығын түсіндіруге тырысқан батыл әрекетті де береді дейді Выготский.

Жас шимпанзелерде «дыбыстық реакциялар» жиі және әр түрлі болады, бірақ адамның тіліндей түсінікті сөйлеу жоқ, — дейді Иеркс. Олардың дыбыс аппараты адамнан кем дамымаған және кем қызмет жасамайды, бірақ оларда дыбысты қайталауға еліктеу беталысы жоқ. Олардың еліктегіштігі көру стимулдары аймағымен шектелген, олар дыбыстарға емес, әрекетке еліктейді. Олар тоты құс жеткен табысқа жете алмайды. Егер де тоты құстың еліктегіш беталысы шимпанзеге тән ақыл-оймен қосылса, онда шимпанзе сөйлеуді игерген болар еді, өйткені ол адаммен салыстыруға болатын дауыс механизмі мен дыбысты сөйлеу мақсатында пайдалануға қабілетті ақыл-ойдың сатысын меңгерген.

Р.Иеркс шимпанзеге дыбысты адам тәрізді пайдалануға үйрету үшін эксперименттік тұрғыда төрт әдісті қолданған. Бұл зерттеулердің барлығы да теріс нәтижеге алып келген дейді Выготский. Әрине, шимпанзеге сөйлеуді дарыту мүмкін бе әлде мүмкін емес пе деген принциптік мәселе үшін теріс нәтижелер өздігінен ешқандай шешуші мағына бере алмайды. В.Келер бұрын зерттеушілердің шимпанзеде ақыл-ойдың болуына қатысты теріс нәтижелерге келуі, ең алдымен, тәжірибені дұрыс жүргізбеуімен, шимпанзенің ақыл-ойы осы шекте байқалатын «қиындық аймағын» білмеуімен, осы ақыл-ойдың негізгі қасиетін — оның оптикалық-өзекті жағдаймен байланысын жете білмеуімен т.б. байланысты деп көрсетті. Теріс нәтижелердің шығу себебі көбіне зерттеудегі құбылыста емес, зерттеушінің өзінде болуы мүмкін. Жануар белгілі шартқа сай белгілі міндеттерді шеше алмады деуден ол ешқандай жағдайда да ешбір міндеттерді шеше алмайды деген ой туындамайды. Ақыл-ой дарындылығын зерттеу, — дейді В.Келер, — зерттелушімен қатар зерттеушінің де зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Иеркстің әріптесі Э.В.Лернедтің бақылаулары мен зерттеулері көрсеткендей, дыбыс аппаратының жетіліп дамымауы мен фонетиканың жұтандығы себеп емес. Иеркс мұның себебін есту арқылы еліктеудің әлсіздігі немесе жоқтығынан көреді.

Иеркстің — естіп еліктеудің болмауы оның тәжірибелерінің сәтсіздігіне себеп болды-ау деп ойлауы дұрыс шығар, бірақ бұның маймылдарда сөйлеудің болмауының негізгі себебі деп ойлауы дұрыс болмауы мүмкін дейді автор. Шимпанзенің интеллектісі адам тіліне ұқсас тілді жасау үшін қажетті сол типтегі және сол дәрежедегі интеллект деп айтуға қандай негіздер (объективті) бар деген сұрақ туындайды. Иерксте өзінің жағдайын тексеруге және дәлелдеуге арналған тамаша эксперименттік тәсіл болды, алайда ол оны қолданбады деп жазады Выготский. Бұл тәсіл шимпанзені сөйлеуге үйрету зерттеуінде есту арқылы еліктеудің әсерін алып тастаудан тұрады. Сөйлесу тек қана дыбыс түрінде кездеспейді. Мылқау адамдар көріп сөйлеуді құрастырған және пайдаланады, сол сияқты мылқау балаларды да еріннен оқу арқылы (яғни, ерін қимылынан) біздің сөзімізді түсінуге үйретеді.

Л.Леви Брюльдің көрсетуінше, жабайы халықтар тілінде ыммен сөйлеу дыбыстап сөйлеумен қатар жүреді және маңызды рөл атқарады. Ақыр соңында, сөйлеу материалмен ешқандай тікелей байланысты емес.

Егер шимпанзенің ақыл-ойы адамның сөйлеуін меңгеруге қабілеттілігі рас болса, және бар кінә оның тоты құстың дыбыстық еліктеушілігін меңгермегенінде болса, онда ол зерттеу кезінде психологиялық қызметі бойынша шартты дыбысқа сәйкес шартты ымды меңгеруі тиіс болуы керек еді дейді Лев Семенович. Иеркс қолданған «Ва-ва» немесе «па-па» дыбыстарының орнына, шимпанзенің сөздік реакциясы мылқаулар әліппесінде осындай дыбысты білдіретін белгілі қолдың қимыл-қозғалысынан тұрар еді. Істің мәні тек қана дыбыстарда емес, ол адам тіліне сай келетін белгілерді функциялы түрде қолдануда деген пікір айтады. Өкінішке орай, мұндай зерттеулер жүргізілмегендіктен, Выготский олардың неге алып келетіндігін айта алмады. Бірақ ғалымдардың шимпанзенің мінез-құлқы туралы білетін деректері, соның ішінде Иеркстің тәжірибесінен алынған деректер де шимпанзенің шынында да сөйлеуді функционалдық тұрғыда меңгереді деп айтуға негіз болмайды. Себебі дейді автор, біз шимпанзенің белгіні пайдалануына қатысты ешқандай ишара білмейміз. Шимпанзенің ақыл-ойы туралы объективті сенімділікпен білетініміз «идеацияның» болмауы емес, тек қана шимпанзенің белгілі жағдайларда қарапайым құралдарды дайындау мен қолдануы, айналмалы жолдарды пайдалануы туралы факті ғана деп ойын қорытындылайды.

Дегенмен, Выготский «идеацияның» болуы — сөйлеудің пайда болуына қажетті шарт деп айтқан жоқ. Иеркс үшін антропоидтардың интеллектілік іс-әрекетінің негізгі түрі ретінде “идеацияның” болуы мен оларда адам тілінің болу мүмкіндігі туралы мақұлдаудың арасында байланыс бар екенін жасырмайды.



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеудің генетикалық түп тамыры

Бұл байланыс сондай анық әрі маңызды, «идеация» теориясы құлдыраса, яғни шимпанзенің интеллектілі мінез-құлқы туралы басқа теорияны қабылдаса, онда сонымен бірге шимпанзеде адамға тән сөйлеудің мүмкіндігі туралы тезис те құлдырайды дейді автор. Егер шимпанзенің интеллекті әрекетінің негізінде «идеация» жатса, онда ол тапсырманы құралдың көмегімен қалай шешсе, неге жалпы белгімен берілген тапсырманы солайша тіл арқылы, адам тәріздес шеше алады деп ойлауға болмайды деген күрделі сұрақ туындайды.

Осы ретте Иеркс дамытқан шимпанзенің сөйлеу теориясының барлық фактілік негіздігін, дәлелсіздігін, орныксыздығын ашу үшін «идеация» туралы айтылғандарды еске сала кетсек те болады. Шынында да «идеацияның» жоқтығы, яғни өзексіз, жоқ стимулдың іздерімен әрекет жасаудың шимпанзенің ақыл-ойына тән емес екенін еске түсірейік. Оптикалық-өзекті, жеңіл аңғарылатын, соңына дейін көрнекі жағдайдың болуы маймылдың құралды дұрыс пайдалануына қажетті шарт болып табылады. Бұл шарт шимпанзе белгіні, сөйлеудің функционалдық қолдануын ашатын жағдайы бола ма деген сұрақты туындатады. Бұл сұраққа теріс жауап беру үшін ешқандай арнайы талдаудың қажеті жоқ, тіпті сөйлеуді қолдану еш жағдайда да, көру өрісінің оптикалық құрылымының функциясы бола алмайды дейді Выготский. Яғни ол шимпанзеден меңгерілген интеллектілі әрекеттен мүлдем басқа типтегі және басқа сатыдағы операцияны талап етеді. Шимпанзенің мінез-құлқы туралы белгілі мәліметтердің ешқайсысы онда осындай әрекеттің бар екенін көрсетпейді, керісінше, жоғарыда келтірілгендей, осы әрекеттің жоқтығын көптеген зерттеушілер шимпанзенің ақыл-ойын адамнан ерекшелеп тұратын белгі ретінде қарастырады.

Лев Семеновичтің пікіріне сүйенсек, келесі екі жағдай, қалай болса да, сөзсіз болады. Біріншіден, сөйлеуді орынды қолдана білудің өзі ешқашан да оптикалық құрылыммен тікелей анықталмайтын интеллектілі қызмет. Екіншіден, оптикалық-өзекті емес, басқа құрылымды қозғаған барлық тапсырмаларда (мысалы механикалық) шимпанзелер мінез-құлықтың интеллектілі түрінен таза байқау мен қателіктер әдісіне көшіп отырған. Мәселен, адамға қарапайым болып келетін бір қорапты екіншісінің үстіне қою және тепе-теңдікті сақтау немесе шегеден дөңгелекті алу сияқты әрекет шимпанзенің «аңғырт статикасы» мен механикасы үшін қол жеткізбейтіндей болады. Бұл — мүлдем оптикалық емес барлық құрылымдарға да жатады. Осы екі жағдайдан — психологиялық көзқарас тұрғысынан, шимпанзенің адамға тән сөйлеуді меңгеру мүмкіндігі мүлдем аз деген логикалық жауапқа қол жеткізуге болады.

Қосымша әдебиет:

Л.С. Выготский. «Мышление и речь», Астрель, М., 2011.